

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қазандағы N 1018 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 шілдедегі N 580 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 1-қосымша мынадай мазмұндағы 43-тармақпен толықтырылсын:

"43. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман қоры Ауыл шаруашылығы министрлігінің учаскелерінде орман Орман және аңшылық шаруашылығы пайдаланушылар жүзеге комитеті асыратын сүрек дайындау жөніндегі қызмет";

2) күші жойылды

3) күші жойылды

Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 , 2007.07.19. N 610 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

2

қазандағы

№

1018

қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Біліктілік талаптары мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау жөніндегі қызметке (бұдан әрі - сүрек дайындау жөніндегі қызмет) лицензия алуға талапкер заңды және жеке тұлғаларға қойылады.

Сүрек дайындау жөніндегі қызмет басты пайдаланымдағы кесуді, аралық пайдаланымдағы кесуді және өзге де кесуді жүзеге асыруды қамтиды.

Сүрек дайындау жөніндегі қызметтің көлеміне қарай бас немесе біржолғы лицензия беріледі.

Бас лицензия ағаш кесудің барлық түрлеріне мерзімі шектелмей беріледі және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына қолданылады.

Біржолғы лицензия аралық пайдаланымдағы кесуді, өзге де кесуді жүргізуге беріледі және жұмыс жүргізу көлемімен (алаңымен) де, мерзімімен де шектеледі және нақтылы мемлекеттік орман иелену аумағына қолданылады.

Лицензия сүрек дайындау кезінде жүзеге асырылатын барлық технологиялық операцияларға, оның ішінде: ағаш құлатуға, бұтақшаларды кесуге, сүректі тасуға, ағашты күзеуге, тиеуге және шетке шығаруға беріледі.

Біліктілік талаптарының сақталуын бақылау лицензиат жыл сайын лицензияны алу күніне тапсыратын оның біліктілік талаптарын растайтын құжаттар мен материалдарды қамтиды.

1. Басты пайдаланымдағы кесу кезінде қойылатын біліктілік талаптары:

1) заңды тұлға үшін - өтініш беруші басшыда - жоғары кәсіптік немесе орта кәсіптік білімінің;

жеке тұлға үшін - орта немесе орта кәсіптік білімінің;

2) инженерлік-техникалық қызметкерлер үшін - лицензиаттың деректерімен расталған мамандығы бойынша (ағаш дайындау, орман-инженерлік іс, ағаш өңдеу, орман шаруашылығы) жоғары кәсіптік білімі немесе тиісті орта кәсіптік білімі және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар жауапты орындаушылардың;

3) лицензиаттың деректерімен расталған ағаш құлату, бұтақшаларды кесу,

сүректі тасу, тиеу және шетке шығару, магистральды және сүрлеу жол ағаштарын күзеу, кесу бойынша жұмыстар жүргізуді үйренген қызметкерлердің;

4) материалдық-техникалық базаның:

ағаш кесу ережелерімен белгіленген кеспеағаш жұмыстарын жүргізуге қойылатын экологиялық-орман өсірушілік талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін техникалық сипаттамалары бар арнаулы машиналар мен тетіктердің, жабдықтардың, энергетикалық модульдердің, ағаш дайындау техникасының (харвестерлердің, форвардерлердің), ағаш тасушылардың, әбзелдердің, аспаптар мен құрал-саймандардың;

5) ормандардағы өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік талаптарға сәйкес өрт с ө н д і р у қ ұ р а л д а р ы н ы ң ;

6) жұмыстардың осы түріне белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес өндірістік-тұрмыстық үй-жайлардың;

7) сүрек дайындауды реттейтін нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық кесімдердің;

8) еңбек қорғауды және қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ететін мамандардың болуын қамтиды.

2. Аралық пайдаланымдағы кесу және өзге де кесу кезінде қойылатын біліктілік талаптары:

з а ң д ы т ұ л ғ а ү ш і н :

1) өтініш беруші басшыда - жоғары кәсіптік немесе орта кәсіптік білімінің;

2) инженерлік-техникалық қызметкерлерде - лицензиаттың деректерімен расталған мамандығы бойынша (ағаш дайындау, орман-инженерлік іс, ағаш өңдеу, орман шаруашылығы) жоғары кәсіптік білімі немесе тиісті орта кәсіптік білімі және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар жауапты о р ы н д а у ш ы л а р д ы ң ;

3) лицензиаттың деректерімен расталған ағаш құлату, бұтақшаларды кесу, сүректі тасу, тиеу және шетке шығару, магистральды және сүрлеу жол ағаштарын күзеу, кесу бойынша жұмыстар жүргізуді үйренген қызметкерлердің;

4) материалдық-техникалық базаның:

ағаш кесу ережелерімен белгіленген кеспеағаш жұмыстарын жүргізуге қойылатын экологиялық-орман өсірушілік талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін техникалық сипаттамалары бар арнаулы машиналар мен тетіктердің, жабдықтардың, энергетикалық модульдердің, ағаш дайындау техникасының (харвестерлердің, форвардерлердің), ағаш тасушылардың, әбзелдердің, аспаптар мен құрал-саймандардың;

5) ормандардағы өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік талаптарға сәйкес өрт с ө н д і р у қ ұ р а л д а р ы н ы ң ;

6) жұмыстардың осы түріне белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес

өндірістік-тұрмыстық үй-жайлардың;

7) сүрек дайындауды реттейтін нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық кесімдердің;

8) еңбек қорғауды және қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ететін мамандардың болуын қамтиды;

жеке тұлғалар үшін:

1) орта немесе орта кәсіптік білімінің;

2) инженерлік-техникалық қызметкерлерде - лицензиаттың деректерімен расталған мамандығы бойынша (ағаш дайындау, орман-инженерлік іс, ағаш өңдеу, орман шаруашылығы) жоғары кәсіптік білімі немесе тиісті орта кәсіптік білімі және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар жауапты орындаушылардың;

3) лицензиаттың деректерімен расталған ағаш құлату, бұтақшаларды кесу, сүректі тасу, тиеу және шетке шығару, магистральды және сүрлеу жол ағаштарын күзеу, кесу бойынша жұмыстар жүргізуді үйренген қызметкерлердің;

4) материалдық-техникалық базаның:

ағаш кесу ережелерімен белгіленген кеспеағаш жұмыстарын жүргізуге қойылатын экологиялық-орман өсірушілік талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін техникалық сипаттамалары бар арнаулы машиналардың, жабдықтар мен аспаптардың, құрал-саймандардың;

5) ормандардағы өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік талаптарға сәйкес өрт сөндіру құралдарының;

6) сүрек дайындауды реттейтін нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық кесімдердің болуын қамтиды.